

"Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына толықтыру енгізу туралы және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің "Бала денсаулығы паспорты" 026/у-3 есеп нысанын толтыру және жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" 2003 жылғы 24 маусымдағы № 469 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы № 173 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 22 желтоқсанда № 33791 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымшамен бекітілген амбулаториялық-емханалық ұйымдарында пайдаланылатын медициналық есепке алу құжаттамасының нысандары:

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес "Бала денсаулығының паспорты" № 052-2/е нысанымен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің "Бала денсаулығы паспорты" 026/у-3 есеп нысанын толтыру және жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" 2003 жылғы 24 маусымдағы № 469 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2423 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Ғиният

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2023 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 173 бұйрығына
қосымша

"Бала денсаулығының паспорты" № 052-2/у нысаны

1. Жалпы ережелер

Баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

_____ ЖСН _____

_____ Туған күні _____

_____ Жынысы _____

_____ Үйінің мекенжайы (немесе интернат үлгісіндегі ұйымның мекенжайы) _____

_____ Заңды өкілдер туралы мәліметтер: _____

_____ _____

_____ _____

Тіркеу емханасы _____

Қан тобы _____ Резус-факторы _____

Мүгедектік (иә / жоқ) _____ топ _____

Бала диспансерлік есепте тұр ма (иә / жоқ) _____

Диагноз (АХЖ-10 коды)* _____

Диспансерлік есепке алу күні _____

* В20-В24, F00-F99 диагноздарды қоспағанда

1-кесте. Ұйымдардың сипаттамасы

Түсу айы, жылы	Ұйымдардың сипаттамасы					
	Мектепке дейінгі		Жалпы орта білім беру ұйымы		Интернат үлгісіндегі ұйымы	
	Жалпы	Түзету	Жалпы	Түзету	Жалпы	Түзету

2. Анамнестикалық мәліметтер

2-кесте. Аллергоанамнез

Аллергия (ия/жоқ) _____				
Аллергия түрі*	Аллерген	Қай жастан бастап	Диагноз қойылған жыл	Ескертпелер

* Аллергия түрі: вакциналық, дәрілік, аллергиялық аурулар.

3-кесте. Балалық шақтағы жұқпалы аурулар

Аурулар	Жыл	Аурулар	Жыл
Қызылша		Дифтерия	
Көкжөтел		Туберкулез	
Жаншәу		Эпидемиялық паротит	
Іш сүзегі			
Желшешек			
Қызамық			
Вирустық гепатит (А, В, С, Д)			

4-кесте 4. Ауруханаға жатқызу туралы мәліметтер

(жарақаттарды, операцияларды қоса алғанда)

--	--	--

Күні (басталған күннен бастап аяқталған күніне дейін)	(АХЖ-10 коды) диагнозы	Медициналық ұйым

5-кесте. Санаторлық-курорттық (және оған теңестірілген) емдеу туралы мәліметтер

Күн	Диагнозы (АХЖ-10 коды)	Ұйым
		Бейін
		Климаттық аймақ

6-кесте. Соңғы күнтізбелік жылдағы еңбекке уақытша жарамсыздық туралы мәліметтер

Анықтама берілген күні	Диагнозы (АХЖ-10 коды)	Анықтама берген медициналық ұйым	Дәрігердің ТӘЖ
бастап	дейін		

3. "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес "Профилактикалық екпелердің картасы" № 065/у нысаны бойынша профилактикалық екпелер болуы туралы мәліметтер (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 тіркелген).

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің "Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидаларын, көлемі мен мерзімділігін бекіту туралы" 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығына сәйкес профилактикалық медициналық қарап-тексерулердің мәліметтері (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № № 21820 болып тіркелген).

7-кесте. Соңғы күнтізбелік жылдағы профилактикалық тексерулер туралы мәліметтер*

Параметрлер	ағымдағы жасқа арналған соңғы күнтізбелік жылдағы профилактикалық қарап-тексерулер туралы мәліметтер
Зерттеп-қарау күні	
Бойы	
Салмақ	
Қорытынды диагноз (оның ішінде негізгі және ілеспе аурулар)	
Денсаулық тобы	
Дене шынықтыру сабақтар үшін медициналық тобы	
Ұсыныстар	

* Жүргізілген өзекті профилактикалық қарап тексерулер туралы мәліметтер болмаған жағдайда баланың тіркелген жері бойынша емханаға жүгіну ұсынылады.

8-кесте.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық
консультацияға (бұдан әрі – ПМПК) жіберу туралы мәліметтер*

ПМПК-ға жіберілген күні	Диагнозы (АХЖ-10 коды)	ПМПК өткендігі туралы белгі
-------------------------	------------------------	-----------------------------

* болған жағдайда

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК